

Мекеме басшыларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі, Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің 2026 жылдың 03 шілдесіндегі №01-231 шығыс хатына сәйкес "Дипломмен-ауылға" мемлекеттік бағдарламасы бойынша Сіздің тарапыңыздан берілген қажеттілік негізінде, жасалынған келісім-шарттар бойынша, мамандар көтерме жәрдемақы және тұрғын үйді сатып алуға несие алған.

Осы келісімнің 1.2 тармағына сәйкес, осы мамандар әлеуметтік қолдау шарасын алған кезден бастап, салада кемінде үш жыл қызмет істеуге міндеттеме қабылдаған. Келісімнің 1.2 тармақтарын бұзған мамандар алған көтерме жәрдемақыны аудандық бюджетке қайтаруға міндетті.

2019-2026 жылдар аралығында көтерме жәрдемақы алып, осы тарапты бұзған 26 маман анықталып, 10 маманнан жәрдем ақы сот арқылы өндіріп алынған.


2019-2026 жылдар аралығында тұрғын үйді сатып алуға несие алып, осы талапты бұзған 26 маман анықталған. Оның 21 маманынан сот арқылы бюджеттік қаражат өндіріліп, 5 маман сотқа дейінгі тәртібімен несиенің сомасын қайтарған.

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және жоспарлау бөлімі тарапынан Сізге, кадр бөлімдеріңізге бірнеше рет осы талап туралы ескерткен.


Сондықтан, осы әлеуметтік қолдау шарасын алған кезден бастап, үш жыл еңбек өтілі толмай, маман жұмыстан босатуға өтініш жазған кезде, әлеуметтік қолдау шараларын толығымен өтелуін қадағалау қажет екендігін ескертеді.

Алдағы уақытта заңнаманың бұзылмауы үшін, жоғарыда көрсетілген талаптарды ескеру қажет.

Басшының м.а.



Б. Самылтыров



Орындаған: Е.Тойганбеков